

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 ақпандағы N 138 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы
Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің мәселелері бойынша
толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; 2003 жылғы 18 қазанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 қазандағы Заңы):

1) 143-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Осы баптың ережелерінен туындайтын қуыным талаптары шындыққа сәйкес келмейтін азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, абыройына немесе іскерлік атағына нұқсан келтіретін мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында таралған сәттен бастап бір жылдан кешіктірмей сотқа тапсырылуына болады.";

2) 145-баптың 2-тармағының соңғы сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер бұл заң актілерімен белгіленген болса не бейнеленген тұлға көпшілікке танымал лауазым иесі болып және көпшілік іс-шараларды жүргізу кезінде немесе төлемақы үшін бейнеленген болса мұндай келісім қажет етілмейді."

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж.; N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2003 жылғы 12 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2003 жылғы 10 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы):

342-бап екінші бөлігінің бірінші абзацы "аз шығару" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

", хабар таратудың тәуліктік кестесінде олардың эфирге шығуының бүкіл кезеңі ішінде мемлекеттік тілдегі хабарлардың тең емес күйде таратылуы".

3. "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 202-құжат):

1) 18-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қажетті тілдік ортаны құру және мемлекеттік тілдің толыққанды жұмыс етуі мақсатында бұқаралық ақпарат салдарының теледидар және радио хабарларының мемлекеттік тілдегі уақыты жағынан апталық көлемі басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауы тиіс. Хабар таратудың тәуліктік кестесінде мемлекеттік тілде хабарлар тарату олардың эфирге шығуының барлық кезеңі ішінде біркелкі жүзеге асырылуы тиіс."

2-бап. Осы Заң ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК